



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2024 жылғы 07 ақпан

Іс №7119-24-00-2/415

Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Есибаев К.Б. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 9 949 теңге тұрақсыздық айыбы және 2 223 теңге мемлекеттік баж өндірілсін, барлығы 12 172 (он екі мың жүз жетпіс екі) теңге.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз

беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья



Есибаев

К.Б.

